

**2023 жылғы «29» қыркүйектегі №4
«М-Ломбард» ЖШС
жалғыз қатысушысының шешімімен
БЕКІТІЛДІ**

**«М-Ломбард» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
микрокредиттер беру қағидасы**

1. Жалпы ереже

- 1.1. Осы «М-Ломбард» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің микрокредиттер беру қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақының шекті мәнін белгілеу туралы» 2019 жылғы 26 қарашадағы № 209 қаулысына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және «М-Ломбард» ЖШС (бұдан әрі – Ломбард) микрокредиттер берудің тәртібі мен негізгі шарттарын айқындайды.
- 1.2. Ломбард қарыз алушылары тек жеке тұлғалар ғана бола алады.
- 1.3. Микрокредиттер төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық шарттары сай теңгеде қолма-қол ақшамен беріледі.
- 1.4. Ломбард және қарыз алушылар жасайтын микрокредиттер беру туралы шарттар «Микроқаржылық қызмет туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 3-1-тармағында көзделген микрокредит беру туралы шарттар болып табылады.

2. Микрокредит беруге арналған өтінішті беру тәртібі және оны қарау тәртібі

- 2.1. Өтініш беруші микрокредит алу үшін жеке басын куәландыратын құжатты ұсына отырып және оған тиесілі алтыннан жасалған бұйымды кепілдікке қойып микрокредит алуға ниет білдірген Ломбард филиалына өзі жүгінеді.
- 2.2. Ломбард қызметкері ұсынылған бұйымдағы таза алтынның мазмұнына, алтынның қолданыстағы құнына және бұйымдарда гауһардың болуына байланысты алуға болатын микрокредит сомасын айтады.
- 2.3. Өтініш беруші қолына алуға ниетті соманы дауыстап айтады, ол айтқан алуға болатын сома шегінде микрокредит беруге өтініш береді. Ломбард қызметкері микрокредит беру туралы өтінішті қарау нәтижелері туралы хабарлайды және оң шешім болған кезде микрокредит беру туралы шартты (бұдан әрі – шарт) ресімдеуді жүргізеді.
- 2.4. Ломбард өтініш берушіге бас тарту себептерін түсіндірместен микрокредит беруден бас тартуға құқылы. Өтініш беруші шарт жасасудан бас тартуға құқылы.
- 2.5. Ломбард қызметкері шарт жасалғанға дейін:
 - 2.5.1. өтініш берушіні осы Қағидамен, шартпен таныстырады, аталған құжаттар www.m-lombard.kz Ломбардтың сайтында орналасқанын хабарлайды, өтініш берушіні микрокредиттер беру бойынша Ломбардтың тарифтерімен таныстырады;
 - 2.5.2. қарыз алушыны (өтініш берушіні) микрокредит алуға байланысты оның құқықтары мен міндеттері туралы хабардар етеді;
 - 2.5.3. өтініш берушіге микрокредит алуға, қызмет көрсетуге және өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және анық ақпарат береді.

3. Микрокредит беру туралы шартты жасау тәртібі

- 3.1. Шарт Ломбард пен Қарыз алушы (өтініш беруші) арасында Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабында көзделген тәртіппен қарыз алушының белгіленген нысандағы қағаз жеткізгіштегі кепіл билетіне және Шартқа қосылу туралы өтінішке

Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден екі данада қол қоюы арқылы жасалады. Кепіл билетіндегі және Шартқа қосылу туралы өтініштегі қарыз алушының қолы қарыз алушының шартты қандай да бір ескертулер мен қарсылықтарсыз толық көлемде оқығанын, түсінгенін және қабылдағанын және оған тұтастай қосылғанын куәландырады.

- 3.2. Өтініш беруші Ломбардқа шарт жасасу үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынады, оның ішінде:
 - 3.2.1. кредиттік бюроға және ішкі істер органдарына ол туралы ақпарат беруге, сондай-ақ кредиттік есепті алушыға және ішкі істер органдарына кредиттік есепті беруге қарыз алушының келісімі;
 - 3.2.2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес өз клиенттерін (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісті тексеру жөніндегі талаптарды орындау мақсатында Ломбардқа қажетті мәліметтер.

4. Микрокредит берудің шекті сомалары және оны беру мерзімдері

- 4.1. Бір микрокредит бойынша берілетін шекті сома республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу еселенген мөлшеріне тең мөлшерді құрайды.
- 4.2. Микрокредитті өтеудің стандартты мерзімі микрокредит берілген күннен бастап күнтізбелік отыз күнді құрайды және шартта көрсетіледі. Шарт тараптарының келісімі бойынша қолданыстағы немесе жақсартушы талаптарда шарттың қолданылу мерзімін ұзарту мүмкін.
- 4.3. Шарттың қолданылу мерзімін қолданыстағы талаптарда ұлғайту (ұзарту) кезінде шарттың қолданылу мерзімін ұлғайту (ұзарту) мынадай талаптарды бір мезгілде сақтай отырып жүзеге асырылады:
 - 4.3.1. микрокредитті өтеу күні күнтізбелік қырық бес күннен астам күнге ауыстырылуы мүмкін емес;
 - 4.3.2. шарттың қолданылу мерзімін ұлғайту (ұзарту) жүзеге асырылатын күндер саны бұрын сыйақы төленбеген микрокредитті пайдалану күндерінің нақты санынан аспауы тиіс;
 - 4.3.3. Микрокредитті өтеу күні:
 - микрокредитті өтеу күні микрокредитті берген күнінен бастап екі жүз елуінші күннен аспайтын күнге ауыстырылуы мүмкін микрокредитті толық өтеу жағдайларын қоспағанда, шарттың қолданылу мерзімінің барлық бұрын жүргізілген ұлғайтуларды (ұзартуларды) есепке алумен (егер ішінара өтеу және (немесе) ішінара төлеп алу операциялары орындалмаса) микрокредитті берген күнінен бастап жүз бесінші күннен кеш;
 - микрокредитті өтеу күні микрокредитті берген күнінен бастап үш жүз алпысыншы күннен аспайтын күнге ауыстырылуы мүмкін микрокредитті толық өтеу жағдайларын қоспағанда, шарттың қолданылу мерзімінің барлық бұрын жүргізілген ұлғайтуларды (ұзартуларды) есепке алумен (егер ішінара өтеу және (немесе) ішінара төлеп алу операциялары орындалмаса) микрокредитті берген күнінен бастап үш жүз он бесінші күннен кеш күнге ауыстырылуы мүмкін емес;
- 4.4. Осы Қағиданың 4.3-тармағының 4.3.1 және 4.3.3-тармақшаларында көрсетілген мерзімдер микрокредит берудің шекті мерзімі болып табылады.

5. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары

- 5.1. Шарт бойынша сыйақының шекті мәні - берілген микрокредит сомасының 20 (жиырма) пайызы мөлшерінде.

5.2. Шарт бойынша стандартты пайыздық мөлшерлеме мәні микрокредитті пайдаланудың әрбір күні үшін 0,4% құрайды.

6. Берілген микрокредиттер бойынша сыйақы төлеу тәртібі және микрокредитті өтеу әдістері

- 6.1. Берілген микрокредитті пайдаланғаны үшін қарыз алушы сыйақыны шартпен белгіленген мөлшерде және мерзімде төлейді.
- 6.2. Микрокредитті өтеу әдісі: микрокредит мерзімінің соңындағы біржолғы төлем.
- 6.3. Сыйақыны қарыз алушы микрокредит нысанасын пайдаланудың барлық кезеңі үшін төлейді.
- 6.4. Шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін, сондай-ақ микрокредитті толық немесе ішінара мерзімінен бұрын өтегені үшін айыппұлдар (тұрақсыздық айыбы, өсімпұл) жоқ.
- 6.5. Микрокредит бойынша берешекті өтеу кезектілігі: шарт бойынша қарыз алушы жүргізген төлем сомасы, егер ол шарт бойынша қарыз алушының міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, қарыз алушының берешегін келесі кезектілікпен өтейді:
 - 6.5.1. сыйақы бойынша берешек;
 - 6.5.2. негізгі борыш бойынша берешек.

7. Ломбард қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

- 7.1. Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін орындауы 333-ден 999-ға дейінгі сынамасы бар алтыннан жасалған бұйымдарды кепілмен қамтамасыз етіледі.
- 7.2. Тек қарыз алушы кепіл беруші бола алады.
- 7.3. Қарыз алушы шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде үшінші тұлғалардың заңды талаптарынан бос мүлікті ұсынады.

8. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу қағидалары

- 8.1. Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі микрокредит бойынша дәйекті, жылдық, тиімді, салыстырмалы түрде есептелетін сыйақы мөлшерлемесі болып табылады.
- 8.2. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу қағидаларын уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.
- 8.3. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{t_j/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{t_i/365}}$$

мұнда:

n - қарыз алушыға соңғы төлемнің реттік нөмірі;

j - қарыз алушыға төлемнің реттік нөмірі;

S_j - қарыз алушыға j-шы төлем сомасы;

APR - жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі;

t_j - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушыға j-шы төлем жасау сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен);

m - қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;

i - қарыз алушы төлемінің реттік нөмірі;

P_i - қарыз алушының i -ші төлемінің сомасы;

t_i - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушының i-ші төлемі сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен).

- 8.4. Егер сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу кезінде алынған санның мәні бір ондық белгіден көп болса, ол былайша ондық бөлшекке дейін дөңгелектенуге тиіс:
- 8.4.1. егер жүздік бөлшек 5-тен көп немесе тең болса, ондық бөлшек 1-ге ұлғайтылады, одан кейінгі барлық белгілер алып тасталады;
- 8.4.2. егер жүздік үлес 5-тен аз болса, ондық бөлшек өзгеріссіз қалады, одан кейінгі барлық белгілер алып тасталады.
- 8.5. Микрокредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің есебіне қарыз алушының негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу жөніндегі шарттың талаптарын сақтамауына байланысты туындаған төлемдерін (өсімпұл, айыппұл) қоспағанда, қарыз алушының барлық төлемдері кіреді.

9. Микрокредит берудің өзге де шарттары

- 9.1. Осы Қағиданың көшірмесі Ломбардтан қарыз алушының (өтініш берушінің) көруі және онымен танысуы үшін қолжетімді жерге, соның ішінде www.m-lombard.kz Ломбардтың интернет ресурсына орналастырылады.
- 9.2. Қарыз алушы кепіл билетіне және Шартқа қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып қосылатын шарттың стандартты талаптары (осы Ереженің 3.1-т.) Ломбардтың www.m-lombard.kz сайтында орналастырылған.
- 9.3. Қарыз алушы шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, Ломбард шартта көрсетілген кепілді күту мерзімі өткеннен кейін және қарыз алушының және Ломбардтың келісімінде белгіленген және қол қойылған кепіл билетінде көрсетілген кепіл мәнін бағалауға сәйкес кепіл мәнін соттан тыс тәртіппен сауда-саттықты өткізбей өз меншігіне айналдырады. Қарыз алушы шартқа қосыла отырып, кепіл билетіне және Шартқа қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып, Ломбардтың қарыз алушының және Ломбардтың келісімінде белгіленген және олар қол қойған кепіл билетінде көрсетілген кепіл мәнін бағалауға сәйкес кепіл мәнін соттан тыс тәртіппен сауда-саттықты өткізбей меншігіне айналдыруына өз келісімін білдіреді.

**«МК-Ломбард» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
микрокредиттер беру қағидасы**

1. Жалпы ереже

- 1.1. Осы «МК-Ломбард» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің микрокредиттер беру қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақының шекті мәнін белгілеу туралы» 2019 жылғы 26 қарашадағы № 209 қаулысына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және «МК-Ломбард» ЖШС (бұдан әрі – Ломбард) микрокредиттер берудің тәртібі мен негізгі шарттарын айқындайды.
- 1.2. Ломбард қарыз алушылары тек жеке тұлғалар ғана бола алады.
- 1.3. Микрокредиттер төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық шарттары сай теңгеде қолма-қол ақшамен беріледі.
- 1.4. Ломбард және қарыз алушылар жасайтын микрокредиттер беру туралы шарттар «Микроқаржылық қызмет туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 3-1-тармағында көзделген микрокредит беру туралы шарттар болып табылады.

2. Микрокредит беруге арналған өтінішті беру тәртібі және оны қарау тәртібі

- 2.1. Өтініш беруші микрокредит алу үшін жеке басын куәландыратын құжатты ұсына отырып және оған тиесілі алтыннан жасалған бұйымды кепілдікке қойып микрокредит алуға ниет білдірген Ломбард филиалына өзі жүгінеді.
- 2.2. Ломбард қызметкері ұсынылған бұйымдағы таза алтынның мазмұнына, алтынның қолданыстағы құнына және бұйымдарда гауһардың болуына байланысты алуға болатын микрокредит сомасын айтады.
- 2.3. Өтініш беруші қолына алуға ниетті соманы дауыстап айтады, ол айтқан алуға болатын сома шегінде микрокредит беруге өтініш береді. Ломбард қызметкері микрокредит беру туралы өтінішті қарау нәтижелері туралы хабарлайды және оң шешім болған кезде микрокредит беру туралы шартты (бұдан әрі – шарт) ресімдеуді жүргізеді.
- 2.4. Ломбард өтініш берушіге бас тарту себептерін түсіндірместен микрокредит беруден бас тартуға құқылы. Өтініш беруші шарт жасасудан бас тартуға құқылы.
- 2.5. Ломбард қызметкері шарт жасалғанға дейін:
 - 2.5.1. өтініш берушіні осы Қағидамен, шартпен таныстырады, аталған құжаттар www.m-lombard.kz Ломбардтың сайтында орналасқанын хабарлайды, өтініш берушіні микрокредиттер беру бойынша Ломбардтың тарифтерімен таныстырады;
 - 2.5.2. қарыз алушыны (өтініш берушіні) микрокредит алуға байланысты оның құқықтары мен міндеттері туралы хабардар етеді;
 - 2.5.3. өтініш берушіге микрокредит алуға, қызмет көрсетуге және өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және анық ақпарат береді.

3. Микрокредит беру туралы шартты жасау тәртібі

- 3.1. Шарт Ломбард пен Қарыз алушы (өтініш беруші) арасында Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабында көзделген тәртіппен қарыз алушының белгіленген

нысандағы қағаз жеткізгіштегі кепіл билетіне және Шартқа қосылу туралы өтінішке Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден екі данада қол қоюы арқылы жасалады. Кепіл билетіндегі және Шартқа қосылу туралы өтініштегі қарыз алушының қолы қарыз алушының шартты қандай да бір ескертулер мен қарсылықтарсыз толық көлемде оқығанын, түсінгенін және қабылдағанын және оған тұтастай қосылғанын куәландырады.

- 3.2. Өтініш беруші Ломбардқа шарт жасасу үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынады, оның ішінде:
 - 3.2.1. кредиттік бюроға және ішкі істер органдарына ол туралы ақпарат беруге, сондай-ақ кредиттік есепті алушыға және ішкі істер органдарына кредиттік есепті беруге қарыз алушының келісімі;
 - 3.2.2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес өз клиенттерін (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісті тексеру жөніндегі талаптарды орындау мақсатында Ломбардқа қажетті мәліметтер.

4. Микрокредит берудің шекті сомалары және оны беру мерзімдері

- 4.1. Бір микрокредит бойынша берілетін шекті сома республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу еселенген мөлшеріне тең мөлшерді құрайды.
- 4.2. Микрокредитті өтеудің стандартты мерзімі микрокредит берілген күннен бастап күнтізбелік отыз күнді құрайды және шартта көрсетіледі. Шарт тараптарының келісімі бойынша қолданыстағы немесе жақсартушы талаптарда шарттың қолданылу мерзімін ұзарту мүмкін.
- 4.3. Шарттың қолданылу мерзімін қолданыстағы талаптарда ұлғайту (ұзарту) кезінде шарттың қолданылу мерзімін ұлғайту (ұзарту) мынадай талаптарды бір мезгілде сақтай отырып жүзеге асырылады:
 - 4.3.1. микрокредитті өтеу күні күнтізбелік қырық бес күннен астам күнге ауыстырылуы мүмкін емес;
 - 4.3.2. шарттың қолданылу мерзімін ұлғайту (ұзарту) жүзеге асырылатын күндер саны бұрын сыйақы төленбеген микрокредитті пайдалану күндерінің нақты санынан аспауы тиіс;
 - 4.3.3. Микрокредитті өтеу күні:
 - микрокредитті өтеу күні микрокредитті берген күнінен бастап екі жүз елуінші күннен аспайтын күнге ауыстырылуы мүмкін микрокредитті толық өтеу жағдайларын қоспағанда, шарттың қолданылу мерзімінің барлық бұрын жүргізілген ұлғайтуларды (ұзартуларды) есепке алумен (егер ішінара өтеу және (немесе) ішінара төлеп алу операциялары орындалмаса) микрокредитті берген күнінен бастап жүз бесінші күннен кеш;
 - микрокредитті өтеу күні микрокредитті берген күнінен бастап үш жүз алпысыншы күннен аспайтын күнге ауыстырылуы мүмкін микрокредитті толық өтеу жағдайларын қоспағанда, шарттың қолданылу мерзімінің барлық бұрын жүргізілген ұлғайтуларды (ұзартуларды) есепке алумен (егер ішінара өтеу және (немесе) ішінара төлеп алу операциялары орындалмаса) микрокредитті берген күнінен бастап үш жүз он бесінші күннен кеш күнге ауыстырылуы мүмкін емес;
- 4.4. Осы Қағиданың 4.3-тармағының 4.3.1 және 4.3.3-тармақшаларында көрсетілген мерзімдер микрокредит берудің шекті мерзімі болып табылады.

5. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары

- 5.1. Шарт бойынша сыйақының шекті мәні - берілген микрокредит сомасының 20 (жиырма) пайызы мөлшерінде.

5.2. Шарт бойынша стандартты пайыздық мөлшерлеме мәні микрокредитті пайдаланудың әрбір күні үшін 0,4% құрайды.

6. Берілген микрокредиттер бойынша сыйақы төлеу тәртібі және микрокредитті өтеу әдістері

- 6.1. Берілген микрокредитті пайдаланғаны үшін қарыз алушы сыйақыны шартпен белгіленген мөлшерде және мерзімде төлейді.
- 6.2. Микрокредитті өтеу әдісі: микрокредит мерзімінің соңындағы біржолғы төлем.
- 6.3. Сыйақыны қарыз алушы микрокредит нысанасын пайдаланудың барлық кезеңі үшін төлейді.
- 6.4. Шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін, сондай-ақ микрокредитті толық немесе ішінара мерзімінен бұрын өтегені үшін айыппұлдар (тұрақсыздық айыбы, өсімпұл) жоқ.
- 6.5. Микрокредит бойынша берешекті өтеу кезектілігі: шарт бойынша қарыз алушы жүргізген төлем сомасы, егер ол шарт бойынша қарыз алушының міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, қарыз алушының берешегін келесі кезектілікпен өтейді:
 - 6.5.1. сыйақы бойынша берешек;
 - 6.5.2. негізгі борыш бойынша берешек.

7. Ломбард қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

- 7.1. Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін орындауы 333-ден 999-ға дейінгі сынамасы бар алтыннан жасалған бұйымдарды кепілмен қамтамасыз етіледі.
- 7.2. Тек қарыз алушы кепіл беруші бола алады.
- 7.3. Қарыз алушы шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде үшінші тұлғалардың заңды талаптарынан бос мүлікті ұсынады.

8. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу қағидалары

- 8.1. Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі микрокредит бойынша дәйекті, жылдық, тиімді, салыстырмалы түрде есептелетін сыйақы мөлшерлемесі болып табылады.
- 8.2. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу қағидаларын уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.
- 8.3. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{t_j/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{t_i/365}}$$

мұнда:

n - қарыз алушыға соңғы төлемнің реттік нөмірі;

j - қарыз алушыға төлемнің реттік нөмірі;

S_j - қарыз алушыға j-шы төлем сомасы;

APR - жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі;

t_j - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушыға j-шы төлем жасау сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен);

m - қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;

i - қарыз алушы төлемінің реттік нөмірі;

P_i - қарыз алушының i -ші төлемінің сомасы;

t_i - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушының i-ші төлемі сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен).

- 8.4. Егер сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу кезінде алынған санның мәні бір ондық белгіден көп болса, ол былайша ондық бөлшекке дейін дөңгелектенуге тиіс:
- 8.4.1. егер жүздік бөлшек 5-тен көп немесе тең болса, ондық бөлшек 1-ге ұлғайтылады, одан кейінгі барлық белгілер алып тасталады;
- 8.4.2. егер жүздік үлес 5-тен аз болса, ондық бөлшек өзгеріссіз қалады, одан кейінгі барлық белгілер алып тасталады.
- 8.5. Микрокредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің есебіне қарыз алушының негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу жөніндегі шарттың талаптарын сақтамауына байланысты туындаған төлемдерін (өсімпұл, айыппұл) қоспағанда, қарыз алушының барлық төлемдері кіреді.

9. Микрокредит берудің өзге де шарттары

- 9.1. Осы Қағиданың көшірмесі Ломбардтан қарыз алушының (өтініш берушінің) көруі және онымен танысуы үшін қолжетімді жерге, соның ішінде www.m-lombard.kz Ломбардтың интернет ресурсына орналастырылады.
- 9.2. Қарыз алушы кепіл билетіне және Шартқа қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып қосылатын шарттың стандартты талаптары (осы Ереженің 3.1-т.) Ломбардтың www.m-lombard.kz сайтында орналастырылған.
- 9.3. Қарыз алушы шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, Ломбард шартта көрсетілген кепілді күту мерзімі өткеннен кейін және қарыз алушының және Ломбардтың келісімінде белгіленген және қол қойылған кепіл билетінде көрсетілген кепіл мәнін бағалауға сәйкес кепіл мәнін соттан тыс тәртіппен сауда-саттықты өткізбей өз меншігіне айналдырады. Қарыз алушы шартқа қосыла отырып, кепіл билетіне және Шартқа қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып, Ломбардтың қарыз алушының және Ломбардтың келісімінде белгіленген және олар қол қойған кепіл билетінде көрсетілген кепіл мәнін бағалауға сәйкес кепіл мәнін соттан тыс тәртіппен сауда-саттықты өткізбей меншігіне айналдыруына өз келісімін білдіреді.